

**Қалибекова А.А.<sup>1</sup>, Кокеева Д.М.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>шығыстану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kalibekova95@mail.ru

<sup>2</sup>философия ғылымдарының кандидаты, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы доценті,  
шығыстану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: dmkbuddy@gmail.com

**ҮНДІСТАНДАҒЫ ЖАҒАНДАНДЫРУ ҮРДІСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Берілген мақалада Үндістандағы жаһандандыру үрдісінің ерекшеліктері елдің тарихи және қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық даму призмасы арқылы қарастырылады. Соңғы жылдардағы қарқынды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жақын арада Үндістан әлемнің экономикасы жағынан жетекші елдер қатарына кіреді деген аналитиктердің болжамдары да бар. Сондықтан, зерттеушілердің көбісі елдің экономикасының инновациялық сипатына ерекше көңіл бөледі. Бұл өз кезегінде елдің батыстық бағыт векторы, яғни экономиканың постиндустриалдық үлгісіне қарай қозғалысы деп айтуға жағдай туғызып отыр. Алайда бұл жағдайға жету оңай болды ма? Жаһандандыру үрдісі елді қайда әкелді? Сондай-ақ, елдегі жиналып қалған әлеуметтік-экономикалық және саяси қайшылықтардың шешілуіне жол бар ма? және басқа да мәселелерді мақалада қарастыруға тырыстық.

**Түйін сөздер:** Үндістан, жаһандандыру үрдісі, экономикалық даму.

Kalibekova A.A.<sup>1</sup>, Kokeeva D.M.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>faculty of Oriental Studies, Kazakh National University al-Farabi,  
Kazakhstan, Almaty; e-mail: kalibekova95@mail.ru

<sup>2</sup>candidate of Philosophy, Associate Professor of the Department of the Middle East and South Asia,  
Faculty of Oriental Studies, Kazakh National University al-Farabi,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: dmkbuddy@gmail.com

**Features of modernization processes in India**

The article deals with the specifics of modernization in India through prism as historical development of the country, social and economic processes of the modern period. In recent years, rapid social and economic changes in India can cause to analysts' ambitious forecasts of the country's rapid entry into the world's leading economies. A number of researchers emphasize the innovative capacity of the country's economy. This, in turn, allows us to talk about the western vector of the country's motion, the motion towards the economy of the post-industrial type. But was this way unconcerned? What has the country's modernization processes led to? Is the country able to adequately deal with the accumulated socio-economic and political contradictions? These and other issues have been raised in the work.

**Key words:** India, modernization processes, economic development.

**Калибекова А.А.<sup>1</sup>, Кокеева Д.М.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>факультет востоковедения, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kalibekova95@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат философских наук, доцент кафедры Ближнего востока и Южной Азии,  
факультет востоковедения, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: dmkbuddy@gmail.com

**Особенности модернизационных процессов в Индии**

В данной статье рассматривается своеобразие процесса модернизации в Индии как и в историческом развитии страны, так и в социально-экономической тенденции нынешнего времени. В связи с бурными социально-экономическими изменениями в стране в последние годы

аналитики даут смелые предположения о вхождении Индии в ряды ведущих экономик мира. Особенно исследователи подчеркивают инновационный характер экономики страны. Это, так или иначе, говорит о постиндустриальной направленности экономики и движении страны в западном направлении. Но каков же на самом деле был этот путь? Какие результаты дала модернизация? Как страна справляется с решением нелегких социально-экономических противоречий? Ответы на эти и другие вопросы мы попытались осветить в данной работе.

**Ключевые слова:** Индия, модернизационный процесс, экономическое развитие.

## Кіріспе

Заманауи жаңа саяси-экономикалық әдебиетте әртүрлі өтпелі саяси жүйелердің жаңаруының кезеңдеріне арналған көптеген зерттеулер жарияланды. Бірақ көп жағдайда зерттеу тақырыбы ретінде Батыс немесе Орталық Европаның елдері алынған. Ал Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне арналған зерттеулерді саралайтын болсақ, негізінен Қытай және Жапония мемлекеттері кеңінен қамтылған. Сонымен бірге Үндістан, Индонезия, Пәкістан мемлекеттерінің жаңашаландыру үрдістерін зерттеу негізсіз түрде назардан тыс қалып жатады. Біздің көзқарасымыз бойынша жаңа дәуірдегі орны жылдан-жылға өсіп келе жатқан Үндістан мемлекетінің зерттеу қызықты тақырыптардың бірден бір үлгісі болып табылады. Бұл жағдай көптеген сарапшыларға Үндістанды Қытаймен бірге ХХІ ғасырдың ортасында экономикалық өсуі бойынша алдыңғы қатарда болатынына болжам жасауына себеп болып отыр. Бірақ бұл болжамдар орындала ма? Қазіргі кездегі жүріп жатқан ағымдар жаңа Үндістанның жаңашаландыруының табысты өтуіне қаншалықты әсер етуі мүмкін? Осы және тағы басқа сұрақтарға Үндістанның жаңашаландыру процесіндегі ерекшеліктерді саралап отырып жауап іздедік.

## Негізгі бөлім

Үшінші елдердің сапындағы жаңашаландырудың бірнеше тәсілін бөліп қарауға болады. Біріншіден: жаңашаландырудың әр мемлекетте өзіндік ерекшелігі бар арнайы ішкі процесс ретінде қарастырайық. Бұл түсіндірмеде жаңашаландыру процесі қоғамдық дамудың әлеуметтік-мәдени баяу даму себебін айқындайды: «...артта қалған халықтардың қоғамы әлеуметтік және психологиялық кеш дамуы олардың қоғамының жеткіліксіз баяу дамуына байланысты» (Gerschenkron, 1962).

Азия және Африка мемлекеттерінің даму тенденциясының деңгейі осы елдердің жергілікті ерекшеліктеріне байланысты түсіндіріледі. Сондықтан осы елдердің индустриалды да-

муына дейінгі өркендеуінің ерекшеліктері мен құрылымын тереңдеп зерттеу маңызды болып табылады (Gerschenkron, 1962). Екіншіден, жаңашаландыру процесін маркстік ілімнің негізінде әлемдік капиталистік жандану процесін монополистік капиталдың қызметінің негізінде түсіндіріледі. Бұл түсіндірмеде жаңашаландырудың негізгі процестері сыртқы күштердің әсерінің негізгі факторы деп қарастырады. Осы құбылыстың жақтастары экономикалық артта қалушылықтың мәселелерін халықаралық жүйенің дамуынан бөлек шешілмейді деп тұжырымдайды. Әртүрлі мысалдарды көп келтіруге болғанымен, біздің ойымызша осы жағдайда Үндістан көптеген ұқсастықтарымен біздің қызығушылығымызды туғызады.

Бірақ жүргізілген зерттеулердің көңілге қонымдысы С. Блектің ұсынған линералды жаңашаландыру моделі болып табылады. Ол жаңашаландырудан өтудің төрт кезеңін айқындайды.

1. Қоғамда жаңаша дамудың сапалы сатысына өтудің жолдары туралы алғашқы пікірлердің пайда болуы, modernity түсінігі.

Бұл кезең қоғамда жаңашаландыру жақтастарының пайда болу себебінен жаңа институттардың құрыла бастауын айқындайды.

2. Жаңашаландыру элитасының шоғырлануы, биліктің ескі элитадан елді жаңашаландыру жақтастарының жаңа көшбасшыларына өтуі. Бұл кезең бірнеше ұрпақтар кезеңінде байқалатын әлеуметтік-саяси қақтығыстарға ұласады.

3. Әлеуметтік және экономикалық түрлендіру – мемлекеттегі әлеуметтік және экономикалық түрлендірулер қоғамның аграрлы түрінен индустриалды түріне ауысқанына дейін қалыптасады.

4. Қоғамның өзгешеленуі. Бұл кезеңде қоғам күрделі өзгерістерге ұшырап, ел демократиялық даму жолына түсіп, қоғамның индустриалды даму жолының алғышарттары қалыптасады (Делёз, 1998).

*Үндістан қоғамы: өзгерістерге мұқтаждық*

Үндістанның басқа елдерден ең басты ерекшелігін көрсетсек, біз каста жүйесіне назар аударуымыз керек. Көптеген зерттеушілер елдің касталық институтына ерекше мән беру

керектігін атап өтеді. Л. Дюмонның пікірі бойынша, каста ерекше өркениетті үлгі ретінде басқа этно мәдениеттермен шатастырмай сыртқы түсінікпен қабылдамай бұл қағидаларды зерттеу түрінде қарастыру керек (Дюмон, 2001). Жалпы алғанда тақырып Үндістан мемлекетінің ешқандай сыртқы күш өзгерте алмайтын әлеуметтік ерекше өмір сүру қағидасы болып табылады. Үнді қоғамының орта ғасырдағы кезеңінің әлеуметтік ерекшелігі касталық құрылысы ретінде қарастырылады. Уақыт өте келе дәстүрлі төрт варнаға (көпшілік таптары): брахмандар (абыздар), кшатрилер (жауынгерлер), вайшылер (жер игерушілер) және шудралар (кедейлер мен құлдар табы) болып бөлінді. Бірақ каста жүйесі уақыт өте келе өзгеріске ұшырады.

Гупт кезеңінде (318) жылдарын бастап Үндістанның касталық жүйесінде өзгерістер басталды. Тұрмыстық жағдай алдыңғы қатарға қойылып, әрбір варна көптеген касталарға кәсіптері бойынша және еңбек күшін пайдалануға байланысты (үнді тілінде джати) бөліне бастады. Вайшы және шудра (саудагерлер мен қызметкерлер) кастасына жататын таптар каста жүйесіне енгізіліп елеулі әлеуметтік орынға ие болды. Касталар жеке қоғамдық жүйе болғанымен варналар әлеуметтік бөлінудің сатылары ретінде қызмет атқаратын. Феодалдық қоғамның даму барысында ескі варналардың әлеуметтік бейнесі өзгере бастады. Брахмандардың арасында жер иеленушілер, шенеуніктер, әскери қызметкерлер пайда болды. Кшатрилердің арасында раджпуттар көбейе бастады, олар тек жауынгер емес, сонымен қоса, жер иеленушілер де еді. Бай саудагерлер мен көпестер вайшыя кастасына кірді.

Сол кезден бастап варна жүйесіне кірмейтін әлеуметтік жағдайы бойынша қоғамның төменгі сатысында тұратын және ең ауыр жұмысты атқаратын кесапаттылар кастасы пайда болды.

Бүкіл адамзат қоғамы мемлекет құрылымының қызметінің басты құрылымы болып табылатын әлеуметтік сатылардан тұрады. Бұл әлеуметтік құрылым төменгі сатыдағы жүйелер құрылымына басшылық жасайтын бір немесе бірнеше (жүйенің құрылымына байланысты) үстем таптардың билігіне негізделген.

Үстем таптар қоғаммен шешім қабылдайтын әлеуметтік билік ретінде қабылданатын. Саяси алаңдағы өзгерістерді іздеу барысындағы қайшылықтар кейбір әлеуметтік топтардың күшеюін және көшбасшылар мен қоғамның арасындағы қарама-қайшылықтардың ұлғаюына себеп болды. Аздаған зерттеушілер ғана үстемшілік жүйесінің дамуы мен әлеуметтік-саяси

өзгерістердің тығыз байланысына мән берді. Сюзанна Лангер мысалы, адам мінез-құлқындағы мақсатшылдығын негізгі белгісі деп қарастырды. Оның пікірі бойынша, мақсатшылдық «адамның дамуының қалыптасуының негізгі процесі» (Langer, 1964).

Үстем таптардың басты ролі көптеген қоғамдарға тән болғанымен уақыт өте келе үш фактордың экономикалық, мәдени және әлеуметтік-саяси әсерімен өзгеріске ұшырады. Экономикалық факторды алатын болсақ, арнайы бір тарихи кезеңде қоғамда үйреншікті таптық жүйенің өзгеруіне қажеттілік туады. Европада осы жағдай орын алды, ал мысалға алсақ, Азия аймағында Жапонияда қайталанды. Европалық қоғамдардың жаңашаландыруын арнайы қарастырсақ, ішкі факторлардың әсерінен эволюциялық және революциялық процестердің басым болғанын ерекше атап өту керек. Европа мемлекеттерінің жаңашаландыруының басты құрылымы болып корольмен немесе ірі феодалмен шартқа отырған тәуелсіз қалалардың пайда болуы себеп болды.

Тәуелсіз қалалардағы буржуазия, үлкен цехтар, университеттер сияқты әлеуметтік құрылымдардың өркендеуі ғалымдар тобының қалыптасуына әсерін тигізді. Бұл процестер Еуропаның әлеуметтік бөлінуінің біртіндеп жоғалуына әкеп соқты. Азия қоғамында тәуелсіз қалалардың пайда болу мүмкіншілігі болмағандықтан жағдай мүлде басқа түрде үрдіс алды, өйткені қалалардың өзі үлкен елді мекендер түрінде әлеуметтік өзгеріске ұшырамады. Осыдан еуропалық емес қоғамдардың жаңашаландыруының урбанизациялық мәселесінің түрі қарастырыла бастады.

Жүйенің мәдени өзгеруіндегі мәселесін көтеретін болсақ, бұл жерде Й. Хейзинганың «ойын сезімін» еске түсіруіміз керек. Ол өзінің еңбектерінде «мәдениет – ойынның бір түрі ретінде бастау алып, қоғамның даму сатысында орын алатын құбылыс» деп бағалады (Хейзинга, 1998).

Бірақ кейбір қоғамдарда бұл құбылыс тек сақталып ғана қоймай, өмірдің салаларына тереңдеп енеді. Осыған байланысты каста жүйесі біздің күндерге дейін сақталған ойынның бір шарты ретінде өзгеріссіз қалды.

Саяси-әлеуметтік жүйенің негізгі құрамасы деп қоғамның ақпаратқа қол жетімділігін айтамыз. Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, қоғамның дамуының алғышарттарының белгісі ақпараттық құрылым үшін күрес болып табылады. Орталық құбылыс ретінде

басқарушы топтардың немесе көшбасшының билігін нығайтуға арналған саяси қақтығыс деп танылады (Bachrach, & Baratz, 1962: 956). Ішкі әлеуметтік қақтығыстың жағымды әсері қоғамның даму жолының өзгеруіне әкеп соғады. Мысалы Чарльз Тиллидің пайымдауы бойынша әлеуметтік-саяси жүйенің ішкі қақтығысынан ерте ме кеш пе әлеуметтік төңкеріс болып ескі жүйенің күйреп, жаңа жүйе қалыптасып жатқанда өткінші кезеңнің пайда болуына әкеп соғады (Тилли, 2007).

#### *Modernity құбылысы*

Үндістанның жаңашаландыру бірінші кезеңінің сыртқы факторы Англияның әсерінен бастау алады. Ағылшындар 1850 жылы Үндістанның үлкен бөлігін және соған қоса қазіргі замандағы Пәкістан және Бангладеш мемлекеттерді басқарып отырды. 1800 жылдардың соңында Британдық Үндістанда экономикалық және әлеуметтік жоспарларды жүзеге асыру барысында үнді кеңесшілердің өзін-өзі басқару ісіне араласуға мүмкіндік берілетін алғашқы қадамдар жасалды. Бұл өте маңызды оқиға болды, өйткені елді жаһандандырып, әлемдік экономикаға кіру процесі үндістердің заңнамаларды қабылдау ісіне қатысуынсыз мүмкін болмады. 1868 бастап 1900 жылдар аралығында елде индустриализация басталып әлемдік экономикалық жүйеге ішінара қосылу процесі басталды. Экономикалық өсудің ең жоғарғы көрсеткіштері 1870-1890 жылдары байқалды. Рамсей Макдональд 1909 жылы өзінің Үндістан астанасы Калькуттаға сапарында «Мен өзімнің таңданысымды жасыра алмай отырмын, мен Үндістанда жүрмін бе?» деп жазды. Шын мәнінде, сол кездегі Үндістанды тану қиын болар еді, ХІХ ғасырдың соңында ел әлемдік капиталистік жүйеге еніп, үнді өнеркәсібінің басты қаласы Бомбей болды. 1893-1899 жылдары жүргізілген қаржылық реформаның нәтижесінде ағылшын капиталының елге енгізілу жағдайлары жасалды. Ағылшын фунт стерлингіне байланыстырылған рупийдің алтын стандарты белгіленді. ХХ ғасырдың басында ағылшын монополиялары Ассамдағы, Бенгалиядағы көптеген шай плантациялары, Майсур сұлтандығындағы кофе плантациялары, Траванкур сұлтандығындағы каучук, Калькуттадағы джут фабрикаларын иемденіп алды. Сонымен қоса, елдегі жеңіл өнеркәсіп және әртүрлі шахталар монополиялардың жеке меншігіне өтті. Ірі бомбейлік фирмалардың Англияда өздерінің өкілдіктері болды, олар өнеркәсіптің дамуымен таныса отырып

өздерінің алған тәжірибелерін Үндістанда пайдалануға мүмкіндік алды.

Үндістанда пайда болған үнді буржуазиясы ауыр өнеркәсіпке қол жеткізуге ұмтылды, соның нәтижесінде 1911 жылы Бихарда бірінші металлургиялық зауыттың құрылысы басталды. 1920 жылы елде индустриализация кезеңі қызу түрде жүріп жатты.

Бірақ елдегі экономикалық өсуге қарамастан ағылшындар мемлекеттің құрылуына себеп болатын жаңа институттарды ашуға мүмкіндік бермеді. Белгілі бір уақыттарда метрополия өзінің отарларында саяси және әкімшілік реформалар өткізуге мәжбүр болатын, бұл реформалардың кейбіреуі жүйелі терең мәні болса, келесі өткізілген реформалар қысқа және шала болып жататын. Бұл өзгерістердің ұзақтығы мен тереңдігі біріншіден метрополияның колониядағы жоспарына байланысты болды, екіншіден колонияның өзгерістерді қабылдап алу мүмкіндігіне байланысты қабылданды.

Сонымен қатар, жүргізілген реформалар елдің жүйелік дамуына жағымды әсер етуімен қатар, жағымсыз әсерлері орын алып жатқан екен. Бірақ бұл реформалар өткізілмесе болашақта экономикалық жағдайдың төмендеуіне әсерін тигізбей қоймас еді, өйткені әлеуметтік-саяси жүйедегі ескішілдік экономикалық сегментке міндетті түрде болашақта кедергісін жасайды.

Бірыңғай дайын жоспардың болмауы бұл процестің болашағынан күмәндануына себеп болды.

ХХ ғасырдың басында ағылшын әкімшілігінің алдында Үндістанның әлеуметтік-саяси жүйесін елдің экономикалық өсуімен теңдестіретін жауапты мәселе туындады. Үндістанда жүргізілген реформалардың метрополия үшін жағымсыз жақтары орын алды. Бір жағынан Үндістанның бұл реформалар тұрақты өсуін қамтамасыз етсе, екінші жағынан ХХ ғасырдың басындағы демократиялық өзгерістер колонияның тәуелсіздік алуын тездетуге себеп болды. Елдегі жағдайды ХІХ ғасырдың ортасынан бастап белең алған көтерілістер қиындатып жіберді. Көтерілістер жергілікті (ағылшын кәсіпкерлеріне қарсы) және кең ауқымды ағылшын билігіне қарсы бағытталған түрде сипат алды.

1919 жылы елдегі күрделі әлеуметтік жағдайға жауап ретінде Үндістанның дамуы үшін өзін-өзі басқару кеңінен таратылуы үшін Британ империясындағы бағынышты және тәуелді мемлекет ретінде қалыптасуына себеп болатын «Монтегю-Челмсфорд реформалары» атты реформалар жүйесі өткізіле бастады (McMillan,

2008: 738). Генерал-губернатор билігімен қоса Заң екі палаталы заңшығарушы орган мемлекеттік кеңес пен заңшығарушы органнан тұратын кеңес құрылды. Мемлекеттік кеңеске 34 мүшесі сайланды, 26 тағайындалатын болып шешілді. Заңшығарушы органда 105 мүшесі сайланып, 40 тағайындалатын болды. Бірақ генерал-губернатордың заңға тоқтау қоятын құқығы болды. Шет аймақтарда тепе-теңдік пен қарама-қарсы жүйесін нығайтатын диархия (қосбилік) міндеттемесі енгізілді. Сайлаудың міндеттілігі барлық сатыдағы процестерге кіруі үнділерді демократиялық қағидалармен іс жүзінде танысуымен қамтамасыз етті.

Осы сатыланған өзгерістер үнді қоғамының назарын аударып, үнділер үшін үлкен тәжірибе болып елдің тәуелсіздік алуына көп септігін тигізді. Англия шын мәнінде, Үндістанға қоғамдық құрылыс құрылымдарын, саяси партияларды және елді басқарушы топты құрып берді. Бұдан бөлек, «кшатрилдерден тұратын орта тап құрылды» (Thakur, 1995). Осы өзгертулер тіпті кейбір үнді саясаткерлерінің Рам Мохум Рой сияқты британ басқаруын ел үшін тиімді деп санап, ұлтшылдық пен коммунизмнің белес алуына қарағанда уақыт өте келе либералды экономикалық реформалар түбінде үнділердің «өзіне тән ұлттық либералды философиясын» құруға мүмкіндігі бар деп есептеді (Gupta, 1990: 220).

Егер үнді қоғамының ішіндегі экономикалық және саяси реформаларға сұранымдар болмаса демократиялық институттардың қоғамның дамуына кіру мүмкіндігі тарихта неше рет болған сияқты мүмкін болмас еді.

#### *Жаһандандыру табының құрылуы*

1920 жылдан бастап біртұтас Үндістан азат мемлекетін құруға шақырған үндінің қоғам қайраткері Махатма Гандидің беделі өсе бастады. Оның Үндістанның Ұлттық Конгресі Партиясы шын мәнінде, кең таралған қоғамдық қозғалыс еді. М. Гандиге касталар арасындағы қарама-қайшылықтарды тегістеп уақытша болса да бір топты құруға қолы жетті. М. Гандиді елдің тәуелсіздік алуынан өздеріне ұтымды болады деп есептеген кесапаттылар кастасы да қолдағаны белгілі. Осы уақытта елдің тәуелсіздік алуын қалаумен қатар, экономикалық жаңартулардың етек алуын қолдаған жаңашаландыру элитасының бірігуі басталды.

Жаңашаландырудың осы кезеңінде брахмандар мен кшатрилдерге арқа сүйеу елдің дамуы үшін табысты болды. Өйткені тек білімді тап қана ағылшындар енгізген құрылымдарды

қабылдап алуға және игеруге мүмкіндігі бар еді. Сондықтан жаңа элитаның бірігуі салыстырмалы түрде бейбіт өтіп, Үндістанның индустриализация кезеңін табысты өтуіне себеп болды.

1947 жылы мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізген Үндістан дамудың жаңа бағыттарын айқындап, өзгерістердің тиімді тұстарын тандап алуы керек еді. Жаңартуларда елдің саяси элитасы басты рөл атқарды. Сонымен қатар, Еуропа мен Оңтүстік Шығыс Азияның көптеген елдерінде экономикалық және саяси-әлеуметтік жаңарудың демократиялық алғышарттары қалыптасқанда Үндістандағы жағдай мүлде басқа жаққа ауды.

Джавахарлал Неру басқаруымен Үндістан экономиканың индустриализациясындағы мемлекеттік сектордың үлесін күшейту және алдын ала жоспарлау саясатын дамыту жолын тандап алды. Мемлекеттің қарауына монополияның қол астында болған барлық басты өндіріс ошақтары өтті. Бұл өте маңызды кезең еді, өйткені Дж.Неру социалистік даму жүйесінің кейбір тұстарының жақтаушысы ретінде КСРО-дан үлгі алып отырды. Осы бағыттың нәтижесінде мемлекеттің қарауына монополияның қол астында болған барлық басты өндіріс ошақтары мен кәсіпорындары өтті.

1950 жылдардың ортасына дейін созылған экономикалық тұрақтандыру саясатының арқасында Үндістандағы шетелдік капитал толықтай мемлекет қарауына алынды (Agun, 2004). Индустриализацияның қарқынды дамуы 1950 жылдардан бастап 1960 жылдардың ортасына дейін созылды. Осы кезең тұсында протекционизм саясатының арқасында импорт алуды алмастыратын өндіріс орындары ашылды. 1960 жылдардың соңында «жасыл революцияға» негізделген елдің ауылшаруашылығын түбегейлі технологиялық және әлеуметтік түрде қайта құру үрдісі басталды. 1985 жылдан бастап Үндістанның алдыңғы қатарға қойған экономикалық саясаты – елдің инфрақұрылымын дамытуы болып табылады. Бұл кезеңде ішкі жинақ қорының жоқтығы Үндістанның сыртқы қарызының өсуіне себеп болды. 1989 жылы Үндістан шетел көмегін ең көп пайдаланған дамушы елдердің көшбасшысы ретінде танылды.

Үндістанның экономикалық даму бағытын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең 1950 жылдар мен 1960 жылдар басы. Бұл кезең мемлекеттің сыртқы сауда мен инвестицияны салыстырмалы түрде қолдауды белсенді жүргізу мен индустриализацияны кеңінен дамыту болып табылады. Екінші кезең 1960 жылдар-

дан бастап сол уақыттағы дамушы мемлекеттерде кеңінен тараған импортқа тәуелділікті жоюға арналған өндірісті дамыту кезеңі. Тұтастай алғанда, импортқа тәуелділік мәселесін шешу жолы Батыс елдері мен Жапониядан басқа, барлық елдердің басты және негізгі кезеңі болып табылады (Sengupta, & Neogi, 2008).

1990 жылдардың басында үшінші кезең елдің экономикалық орталарында қызу қолдау тапқан Оңтүстік Шығыс Азияның елдерінің сыртқы факторларға бағытталған экономикалық бағдарламасы арқасында жетістікке жеткен тәжірибелеріне негізделген Халықаралық валюталық қордың экспортқа шығару бағдарламасының дамуын қолдауға өтуі.

Жалпы жаңашаландыру ұғымы көп түрлілігімен ерекшеленеді. Әлеуметтік, саяси және экономикалық теорияларында жаңашаландыру түсінігі индустриализацияның дамуымен, халықтың қалаға шоғырлануымен, өндірістің жетілдірудің алғышарттарымен түсіндірілетін. Қырғиқабақ соғыс барысында Батыс елдері жаңашаландыруды коммунизмге қарама-қарсы түсінік ретінде пайдаланды. 1968 жылы С. Хантингтон өтпелі қоғамдарды жаңашаландыруды халықтың шоғырлануын қалаға топтастыру арқылы шешуді ұсынды. Күшпен урбанизациялауға мысал ретінде, халқының бірталай бөлігі ауылдардан қалаға жаңа ортаға күшпенен көшірілген Вьетнамды жатқызуға болады. Осы сияқты тәжірибе жаңашаландыру дамуының келеңсіз бір талпынысы ретінде қалып қалар еді. Дж.Нерудің кезінде урбанизация процесі баяу жүргізілгеннің арқасында үлкен табысқа ие болды. Экономиканың өсу қарқыны жаңа жұмыс орындарын ашуға себеп болды. 1950 жылы Үндістанның қала халқының саны 60,6 млн болса, бұл көрсеткіш 1990 жылы 230,2 млн көбейді. Бұл көрсеткіш дүние жүзіндегі ең жоғарылардың бірі болып есептеледі, тек Қытайдан төмен (60,9 млн, және 380,8 млн адам салыстырмалы түрде). Азияда 1990 жылы осындай 115 агломерация болды, оның көпшілігі Қытайда (38), Үндістанда (24) (Пивоваров, 1996: 14).

Үндістанның капиталистік даму бағыты ағылшын отарлау билігі тұсында пайда болған қағидалар мен институттарымен біте қайнасып кеткенін айта кетуіміз керек. Отарлау кезеңінде үнді қоғамында білімді топтар пайда болып, ел тәуелсіздікке қол жеткізгенде билікке сол топтардың өкілдері қол жеткізді. Сондықтан да ағылшындардың құрған қоғамдық құрылымдары терең өзгеріске ұшырамады. Заң шығарушы орган мемлекетте екіпалаталы парламентке жата-

ды және сот пен атқарушы биліктен бөлінген. Үндістанның саяси құрылымы көп жағдайда британдық үлгіні таңдағандықтан тек әлеуметтік құрылымдардың құрылуын ғана емес, сонымен қатар, жаңа элитаның мемлекет басына келіп саяси жүйенің қалыптасуына үлкен әсерін тигізді (Kumar, & Managi, 2007).

Үндістандағы саяси процестерге назар аударғанымызда сайлау науқандарында партиялық топтардың бәсекелестік мүддесі толықтай азат түрде өтетінін айта кетуіміз керек. Бұл елдің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жабық экономика саясатын ескеретін болсақ, өте маңызды жағдайдың бірі деп ескерсек болады.

Сайлау науқандарындағы сайлаушылардың негізгі таңдауы солшыл коммунистерді және оңшыл діни-коммуналды қатысуын ескере отырып ортадағы Үндістан Ұлттық Конгресіне келетіндіктен таңдаудың тұрақтылығына назар аудару керек. 1977-1979 жылдардағы аз ғана мерзімді есептемегенде басқа жылдарда Үндістанды Ұлттық Конгрес партиясынан шыққан тұлғалар Дж.Нерудің қазасынан кейін оның қызы Индира Ганди, оның өлімінен кейін Раджив Ганди басқарып келе жатқанын ескеру қажет. Раджив Гандидің қазасынан кейін үкіметті Нарасимха Рао басқарды (Agun, 2004). Бұл саяси жүйенің экономикадағы социализм белгілерімен қоса, саясаттағы демократияның өзіндік аралас тұрақты белгілерінің бар екенін көрсетеді.

1960 жылдардан бастап 1980 жылдардың ортасына дейін Үндістан дүние жүзіндегі коммунистік елдерді санамағанда экономикасы басқарылатын елдердің бірі болып саналатын. Бағаны әкімшілік түрлерімен реттеу, сонымен қатар үкімет өнеркәсіптің маңызды салаларын тікелей бақылап отыруы жоспарлы саясатқа жата-тын. Импортқа тыйым салынып, инвестициялық салымдар мен экспорт азайған еді. Ірі жеке өндірістер іріленуге мүмкіндік алмағандықтан, экономиканың басқа секторларының дамуына өз әсерін тигізді.

*Әлеуметтік және экономикалық өзгерулер.*

Кез келген өтпелі уақыттың кезеңдерінде қоғамға сол жағдайға лайық қабілеттері сай және тәжірибелері бар әртүрлі элиталық топтар мен саяси көшбасшылар керек болады. Ф. Шмиттердің көрсетуі бойынша, элиталық топтардың өзгеруі керек немесе сол жағдайға қарай толық бейімделуі керек, өйткені өтпелі кезеңнің өзінің шоғырланған бағыттарды айқындайтын ерекше жолы бар (Шмиттер, 1999: 30-33). Іс жүзінде революциялық өзгерістер

жолға шығарылып, дәстүрлі өтпелі кезеңнің өту жолы таңдалынып алынған еді (Henderson, & Robinson, 1997). Жиі осыған ұқсас жағдайларда халықтың назарын аудару мақсатында, элиталық топтардың күресінде ұлтшылдық идеологиясын пайдаланатын оқиғалары орын алады. Бұл стратегия Чехословакияда, Шығыс Еуропаны алатын болсақ бұрынғы Югославияда сәтті түрде пайдаланылған еді.

Х. Линца мен А. Степанның пайымдауынша, елдегі демократияға ұлғасатын өзгерістердің сапасы мен алға жылжуы келесі мінездемелермен сараптамаланады: «Демократиялық кезеңге өту үкіметтің ауысуы саяси рәсімдермен келісім тауып, тек халықтың ерікті түрде дауыс беруінің нәтижесінде үкіметтің билікке келуі түрінде аяқталуы тиіс» (Linz, & Stepan, 1996). Сонымен қатар, «үшінші елдерде» бірігу процесі орта жолдан өзгеріске ұшырап мемлекет басына демократиялық авторитаризм немесе авторитарлы демократия сияқты аралас жүйелер келіп жатады. Көптеген жағдайларда бұл құбылыс демократиялық құндылықтарды керек етпейтін және басты саяси мәдениетті теріске шығаратын әлеуметтік ортаның ерекшелігімен түсіндіріледі.

1990 жылдар Үндістанның әлеуметтік-экономикалық даму саясатына өзгеріс енгізіп, ел дамуының жаңа кезеңін айқындады. Бірақ бұл өзгеріс басқа дамушы мемлекеттердегі өзгерістерден үлкен айырмашылығымен білінбеді.

Әсіресе бұл жаңадан құрылып жатқан әлеуметтік және саяси құрылымдары күрделі жағдайда бұрынғы социалистік елдерде қатты білінді. Үндістандағы қазіргі кезеңдегі маңызды ірі процестер ретінде үнді экономикасындағы әртүрлі бағыттарындағы мемлекеттің қатысуын азайту, жеке меншік секторының тиімділігін ұлғайту, жекеменшік сектордың өсу мүмкіндігі бар салаларына керекті құйылымдардың жіберілуін қамтамасыз ету. Ерекше назар ретінде ел экономикасына шетел инвестициясының келуін қамтамасыз ету болып табылады.

Жүріп жатқан өзгерістер шетелдерде және ел ішінде көптеген айтыс тартыстың тақырыбына айналды. Көпшілікті елдің ішінде жүріп жатқан либерализациялық процестердің болашағы қатты алаңдататыны білінді. 1991 жылдан бастап Үндістан Шығыс Еуропа және Ресеймен қатар, 1978 жылдан бастап саяси режимнің демократиялық жүйесіне бағыт алған Қытаймен бірге осы жоғарыдағы бағытты таңдап алғаны белгілі болды. Көпшілікпен негізінен, реформалар мақұлданса да, саяси-экономикалық жүйенің өзгеруіне қарсы шыққандар да болды. Ең басты-

сы елдің ішкі нарығының сыртқы өндірушілер үшін ашылып, ішкі нарықты қорғаудың түрлеріне бағытталған еді. Үндістанның реформа жүргізгендегі ең бір ерекшелігі мұнда ерекше назар градуализмге аударылған, экономиканың бір қалыптан екінші қалыпқа өтуі болып табылатын. Басқа сөздермен айтқанда үкімет саналы түрде «есенгірету терапиясынан» бас тартты. Елдегі реформаларды сараламай тұрып градуализм доктринасы белең алған негізгі себептерді қарастырып шығайық.

Градуализм саясатына көшудің бірінші себебі бұл реформаның жүзеге асуына ұзақ экономикалық немесе саяси дағдарыстың әсері болған емес. Реформа 1991 жылдың маусым айындағы төлеу балансы дағдарысынан бастау алады, бірақ бұл дағдарыс ұзаққа созылмады және жүйелі дағдарыс ретінде білінбеді. Керісінше кейбір дағдарыс белгілері 1980 жылдардың соңында үнді экономикасының дамуы 5,5% пайыздық көрсеткішке жеткенде белгі берді. Бұл нәтиже Шығыс Азиялық өсу қарқынына қарағанда төмен нәтиже болуы мүмкін, бірақ елдің өткен даму кезеңіне қарағанда, бұл өте жақсы көрсеткіш болып есептелді. 1985 жылдан бастап Үндістанның негізгі бағыттарының ең бастысы ретінде елдің инфрақұрылымын дамыту болып табылды. Осы кезеңде Үндістанның ішкі жинақ қорының аздығы сыртқы қарыздың өсуіне әкеп соқты. 1989 жылы Үндістан шетел көмегін ең көп пайдаланған дамушы елдердің бірі болды.

1980 жылдары елді басқарып отырған үнді үкіметі ішкі нарықты қорғауға арналған басқару жүйесі Үндістанды бүкіләлемдік экономиканың жүйесінде бәсекелестікке дайын еместігін білдіргені туралы шешімге келді. Көптеген авторлардың айтуы бойынша, градуализм саясаты мемлекеттің демократиялық және әрқарастағы дамуының экономикалық реформалары тек халықтың үлкен тобы қолдағанда жүзеге асады. 1980 жылдардағы либерализацияның жағымды тәжірибесі реформаларды одан әрі жалғастыруға мүмкіндік берді. 1991 жылдың дағдарысы тек реформаларды жеделдетуге себеп болғанымен, олардың бағыты демократиялық елдің мұраттарына сәйкес болып қалды. 1991 жылдың маусым айында М. Сингхтың жаңа үкіметінде парламенттік көпшілік болмағандықтан бұл өте маңызды оқиға болды.

1991 жылдары басталған экономикалық реформалар бейнесі жаңаша даму болғандықтан, 1980 жылдардағы реформалардан өзгеше

түрде өтті. Бәрінен бұрын әлемдік экономикамен бірігуді сауда арқылы жүзеге асыру, жаңа жүйелер мен инвестиция тарту, осы шарттарды жүзеге асыру үшін 4-5 жылда басқа дамушы елдермен бәсекелес бола алатын жағдай жасау керектігі мойындалды. Либералды өзгертулердің бірнеше бағытын ерекше атап өтуге болады. Бұл мемлекеттің нарықтық жүйесін дамытуды нығайтуға арналған реформалар:

- Қаржылық тұрақтылық
- Өнеркәсіптік саясат және шетелдік инвестиция
- Аграрлық сектордағы реформалар
- Либералды нарықтық реформалар

Жоғарыда көрсетілген реформалардың жүзеге асуы Үндістанның әлемдік қауымға енуіне жол ашып, елді жаңашаландыру мен демократиялық үрдістердің елде табысты өткенін білдіреді.

#### *Инновациялық периферия*

Әлемдік экономикалық дағдарыс құрылымдық сипатты және инновациялық технологиялардың кіруіне кедергі жасайтын барлық шектеулерді құрту мүмкіндігіне ие белгілі болды. Тек өзінің экономикалық, қаржылық, сонымен бірге өзінің қоғамының интеллектуалды мүмкіншілігін пайдалана алған мемлекет қазіргі заманның дағдарысынан жаңа серпін, күш қуатын молайтып шығатын күшке ие болады. Осыған байланысты өтпелі кезеңдегі әрбір мемлекеттің басшысының алдында екі стратегиялық тандау жолы тұрады: а) экономикалық дағдарыстан шығу үшін жүйе өзінің авторитарлы белсенділігін күшейту жолына түседі; б) саяси дағдарысты игере отырып экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын демократиялық жүйені дамыту арқылы. Бұл тандауда әртүрлі пікірлер туындайды: Тек дағдарыстағы экономикалық мәселелерді көтеру керек пе немесе әлемдік дағдарысқа қарамай-ақ мемлекеттегі басқару жүйесінің дағдарысына теріс әсер ететін факторларды шешуді қарастыру керек пе. Көтерілген мәселелер кең ауқымды және екеуі де тығыз байланысты. Дағдарыстан шығу үшін өтпелі мемлекеттерге жаңашаландыру процесін ары қарай міндетті түрде жалғастыру қажет.

Үндістанда қоғамның әлеуметтік араласуының қайшылықтарының өте күрделі мәселелері белгілі бола бастады. Қарама-қайшылықтар елдің әлеуметтік-саяси өміріндегі мәселелермен тығыз ұштасып жатыр. Әлеуметтік қатынастардың әртүрлілігі елдегі әлеуметтік тұрақсыздықты шиелендіріп жіберуі мүмкін.

Қазіргі замандағы Үндістан үшін экономикалық өсу өте бір басты қажеттілік болып тұр. Көптеген сарапшылар елдің керекті экономикалық өсуі үшін тіпті 5-6% пайыздық көрсеткіштен де жоғары болуы керек деген пікір айтып отыр. Тек осы экономикалық өсуі жүзеге асқанда ғана Үндістандағы әлеуметтік мәселелердің жағымды жаққа шешіле бастағанын айтуға болады. Елдің 28 пайызының қазіргі уақытта кедейшіліктің төменгі сатысында өмір сүруі көп нәрсені айтып тұрғаны белгілі. Қазіргі экономикалық өсудің көрсеткіштерімен әртүрлі болжауларды салыстыра отырып жұмыссыздар саны 2012 жылы 19 миллионнан 37 миллионға жетуі мүмкін екендігі айтылуда, бұлардың көпшілігі жастар екені түсінікті (Arun, 2004). Шын мәнінде осы сандардың артында үлкен сандар тұрғаны бізге мәлім. Жұмыссыздықтың салдарынан үнді қоғамында толқулардың болу мүмкіндігі күшейеді. Үндістанның халқының төрттен бір бөлігі (1,1 млрд.) – 15 жастан кіші болса, ал екіден үш бөлігі – 35 жастан кіші буын өкілдерін құрап отыр. 2013 жылға таман елдің еңбек ресурсы 90 миллионға ұлғайып отыр, бұл Ұлыбритания, Франция, Италия мемлекеттерінің еңбек ресурстарымен пара-пар сандық көрсеткіш. 2028 жылға таман Үндістанның халқы 370 миллионға көбеюі мүмкін. Үндістанда Батыс елдерімен салыстырғанда жастардың сан мөлшері ең жоғары пайыздық көрсеткішке жетіп, сан жағынан еңбек ресурсы бойынша алдыңғы қатарға шығуына мүмкіндік береді. Бұл өсу көрсеткіші елді АҚШ және басқа елдердің қажет серіктесіне айналдыруы мүмкін.

Жұмыс күшінің жылдам қарқында тез өсуі елге 25-30 жылға экономикалық өсуінің кепілдігі болып табылады. Жұмыс күшінің өсуі өндірістің өсуін, тұтыну және ішкі жоғары өндірудің қарқынды дамығанын көрсетеді. Бірақ демографиялық өсудің тез арада пайда әкелмейтіні мәлім жағдай. Бұл адамдар тобына өндірісте жұмыс тауып берудің өзі өте қиын жағдай. Өте сәтті болжау бойынша 7 пайыздық экономикалық өсу кезінде тек 15 миллион жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік бар. Жұмыс орындары ашылмай немесе жұмысшылардың мамандығы төмен болса, ондаған миллион адам жұмыссыз қалып немесе толықтай жұмыспен қамтылмай қалады.

Үндістанның халқының бестен үш бөлігі қатыстырылған ауыл шаруашылығындағы жағдай осы мәселені күрделендіріп отыр. Қазіргі уақыттың өзінде ауылшаруашылық саласындағы 60 миллионға жуық адам жұмыстан



қысқартылып қалды. Егер оларға өнеркәсіп немесе тұрмыстық қызмет көрсету саласынан жұмыс табылса, бұл бес жылдың ішіндегі 25 пайыздық ішкі жалпы өнімнің ұлғаюына себеп болар еді. Ауылшаруашылығындағы өнімділікті көтеру, әрине жақсы ұйғарым, бұл шаралар кедейшілікті жою мен тұрмыстың түзелуіне себеп болар еді. Бірақ бұл жұмыс күшіне деген сұранысты жоғалтып, ондаған миллион адамдардың қалада жұмыс істеуіне себепші болары түсінікті (Sharma, 2009). Үндістанның алдағы екі онжылдықта экономикалық өсуді жылдамдату мен жастарды жұмыспен қамту мәселелері басты стратегиялық бағыт болуға тиіс.

Қазіргі заманда дүниежүзінің көптеген елдері туудың төменгі көрсеткіштері мен қартайған адамдардың санының көптігінен жұмыс күшіне қажеттілігін сезіне бастады. Әсіресе бұл IT-қызмет көрсету, денсаулық сақтау және білім беру салаларында қатты біліне бастады. Осы жағдай Үндістанда арнайы мамандандырылған қызмет көрсету кәсіптерінің пайда болуына алғышарттар жасалынды, бұл қызметтерді инновациялық алыстан қызмет көрсету деп атаса болады. Бүгінгі күндегі Батыс Еуропа мен АҚШ елдеріне осы алыстан көрсетілетін қызмет секторы Үндістанның экономикасындағы қызу даму үстіндегі бағыттарының бірі болып есептеледі. Үндістандағы болжаулардың негізінде алыстан қызмет көрсететін саласында 2020 жылға таман 10-24 миллионға жуық адам қызмет атқаруы мүмкін. Бұл жағдай таяу екі жылдың ішінде ішкі жалпы өнімді 1,5 пайызға көтеруге мүмкіншілік береді. Үндістанның кәсіпқой және көп мөлшердегі еңбек ресурстары әлемдік экономиканың өсуінде үлкен рөл атқарады. Бірақ негізгі назар жоғарғы технологиялық қызмет көрсету саласындағы білімді мамандарды дайындау сапасына аударылуда. Бірақ жуық арада ғылыми мәселелермен шұғылданатын компаниялар жаңадан өсіп келе жатқан жастардың барлығын жұмыспен қамтамасыз етуі мүмкіндігі жоқтығын ескеруіміз керек. Сондықтан Үндістан алғашқы білім беру кепілдігін заңдастырып, негізгі базалық білім беруді дамыту үрдісін жалғастыруы қажет (Agun, 2004).

Еңбек ресурстары мәселесі туындаған басқа мәселермен тығыз ұштасып жатыр. Сонымен қатар, елде жалпы білім беру үшін жағдай жасалмай жатыр деп айтуымызға болмайды. 2003-2008 жылдары ересек адамдарға сауатын ашу мәселелерімен шұғылданатын мектептік білім беру және сауаттылық министрлігінің бюджеті бес есеге өскенін айтып өтуіміз керек. Бірақ

бұған қарамастан елдің 64 пайызы ғана сауатты деп есептеледі, бұл дүниежүзі бойынша өте төмен көрсеткіш болып саналады.

Үнді қоғамының біріктірілуіне кедергі жасайтын мәселелердің бірі елде бір тілділіктің жоқтығы (Kumar, & Managi, 2007). 1965 жылы елде негізгі көпшілік сөйлейтін хинди тілін мемлекеттік тіл ретінде пайдалануға ұсынылды. Бірақ бұл іс-шара елдің оңтүстігіндегі басқа тілде сөйлейтін штаттардың өкілдерінің қарсылығына тап болып жүзеге аспай қалды. Егер Үндістанды жалпы алатын болсақ тіл мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Көптеген жағдайда ағылшын тілі елдегі екінші тіл болып есептелгендіктен қалалы жерде көп тараған, бірақ ауылдық жерде мәселе сол қалпында қалып отыр. Қазіргі таңда қоғам қалалық ортадағы ағылшын тілінде сөйлесетін орта мен жергілікті хинди, бенгали, догри, непали тілдерінде сөйлейтін топтарға бөлініп отыр.

Үндістанның замануи бағытында ерекше рөл әскери өндірістік комплексті инновациялық дамытудың жүзеге асыру болып табылады. Елдің қазіргі заманның қаупінің алдын алу даму сатысы мен технологиялық мүмкіндіктері қарулы күштердің дамуына тікелей байланысты болады. Үндістан осы мүмкіндікті кеңінен пайдаланып, мемлекеттің бірі болып саналады. Индустриалды мемлекеттерге алыстан қызмет көрсету саласын дамытумен қатар, Үндістан өзінің қарулы күштеріндегі қаруды жаңашаландыруға назарын аударып отыр. Мұнда Үндістан өзінің әскери өндірістік комплексінің дамуын елдің технологиялық мүмкіндігінің жүзеге асыруын алдына мақсат етіп қойып отыр. Әрине сонымен қоса, Пәкістанмен болған жақын арадағы әскери жанжалды еске түсіре отырып, аймақтағы әскери ахуалды ұмытуға болмайды. Елдің жаңашаландырудың даму бағыттарын таңдап алатын болсақ, бірінші әрине, инновациялық технологиялар болып есептеледі, бұл технологияларды дамыту қосымша серпілісі ретінде әскери технологияларды негіз ретінде алуға болады. Әскери өндірістік комплексті дамыту саласы Үндістанның индустриалды мемлекет ретінде қалыптасуының ең бір өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Үндістан өзінің ғылыми-техникалық дамуын жеделдету үшін өзінің нарығын әлемдік қару-жарақ экспорттерлары үшін ашуға мәжбүр болды. 80 жылдардың басында Үндістан Mirage 2000 истребительдерін Франциядан сатып алды, сонымен қатар Jaguar самолеттерін Англиядан сатып алды. Қазір Үндістанның қарумен қамтамасыз етуші негізгі ел болып тендердің 75%

пайызын ұтып алған Ресей болып отыр. Әртүрлі уақытта Ресей жағынан СУ-30 МКИ, МиГ-29К және МиГ-29М 4++ жаңаша форматтағы истребительдері жеткізілді (Sengupta, & Neogi, 2008). 1990 жылдары Үндістанның қарулы күштерінің дамуы үшін бұл келісімдер сәтті болғанымен, қазіргі уақытта әскери өндірістік комплекстің дамуының қазіргі замандағы сұранымдарына жауап бере алмай отырғанын ескеруіміз керек. Өйткені Ресей қазіргі уақытта өзінің материалдық базасының ескіргеніне байланысты 5-ші толқындағы ұшақты жасауда әртүрлі қиындықтарға кезіккенін айтып өтуіміз керек.

Бірақ Ресейдің осы мәселесін Үндістан бірге қосылып, осы жобаны қолға алатынын мәлімдеді. 2008 жылдың 22 желтоқсанында «Сухой» компаниясы мен Hindustan Aeronautics 5-толқындағы ұшақты жоспарлау және өндіріске шығару туралы келісімге қол қойды. Үндістанның бұл жобадағы рөлі истребитель үшін борт жабдығын дайындау болып табылады. Бірақ Үндістан қайтарым ретінде ұшақтарды сатуды емес, технологияларды беруді талап етіп отыр. Бұл осы мәселедегі қарым-қатынастарды тығырыққа тіреп отыр. Сонымен бірге Үндістан Ресей ұшағының жаңа түрін жоспарлау жобасында екендігін және үлгі ретіндегі түрі тек 2015-2020 жылдары жарық көретінін біліп отыр. Осы және басқа жағдайлар Үндістанды әскери өндірістік комплекстің дамуын жылдамдату үшін басқа жолдар қарастыруға мәжбүр етті.

Сонымен қатар, Үндістан үшін Ресейдің авиа тасушысы «Адмирал Горшков» крейсерін \$-2,3 млрд сатып алуы өте маңызды оқиғалардың бірі болды.

Елдің верфтерінде авиатасушылар жасалынып іске қосылса да, Үндістанның қару-жарақ нарығына Батыс елдері, соның ішінде АҚШ кіргенін ескеруіміз керек. 2010 жылдың 10 қаңтарында АҚШ Үндістанға бірнеше жылдан кейін тек 2016 жылы ғана іске қосылатын 5-толқындағы F-35 жаңа истребительдерін сататыны туралы ұсыныс жасады. Көп салалалы ұшақты жасау ісіне АҚШ басқа алдыңғы қатардағы Еуропаның елдері қатысқанын атап айту керек.

Үндістанның 1991 жылдардағы экономикалық және саяси табыстарына қарамай елдің жаңашаландырудың сатылары мен табыстары төмен дәрежеде жүріп жатқанын ескеру керек. Жаңашаландырудың линеральды үлгісі туралы айтқанда, Үндістанның төрт бөлімнен тұратын сатысынан өткенін, бірақ төртінші сатысын өтіп елдің болашақ дамуын айқындау үшін елдің

негізгі бір мәселелерін түбегейлі түрде шешуде ерік жігері керек қылады.

Сонымен бірге Үндістан Оңтүстік Азияның ең тұрақты елінің бірі болып саналатынын айтып өтуіміз керек. Егер жақындағы көршілеріне назар аударатын болсақ, Пәкістанда діниәсершілердің ел басына келу қаупі бар әскери хунта басқарып отыр, ал Бангладеш пен Бирмада осыған ұқсас жағдай, Непалда абсолютті монархия, Қытайда социализм. Сондықтан көрші елдердегі режимдермен салыстыра отырып халықтың демократияға мұқтаждығын аңғаруға болады (Thakur, 1995). Жанындағы маңызды роль атқаратын авторитарлы мемлекеттердің қоршауында отырған үндістер өздерінің экономикалық жетістіктеріне қарамай-ақ демократиялық даму жолының бағыттарын таңдап алуға тырысуда.

Енді біз саяси жүйенің қандай бағытта дамуын әртүрлі болжамдарды қабылдау шарттарын қарастыра отырып айқындайық. Зерттеушілердің болашақтағы Үндістанның экономикалық дамуының мүмкіндіктеріне байланысты өз қорытындыларын жасады. Олар елде қазіргі даму үрдісінің сақталуы немесе елдегі ескілік қалдықтарының жойылуы.

Қазіргі дамудың қарқыны сақталса Үндістан жуық 10 жыл ішінде мынадай теріс үш бағыттағы үрдістермен кездеседі.

Халықтың санының өсуі және жұмыссыздық. Алыстан қызмет көрсету қызметтерінің әлемдік тәуелділігіне бағынышты жағдайы.

Елдегі көптеген құрылымдардың ескіргеніне байланысты ішкі қақтығыстардың болу мүмкіндігі. Ал елдегі ескіліктің қалдықтарын жеңу арқылы Үндістанның экономикасының дамуы негізінен дәстүрлі қағидалармен бірге индустриалды даму үрдісімен біте қайнасып өтетіні белгілі. Дәстүрлі экономиканың елдегі үлесінің төмендеуінің арқасында және халықтың қалаға шоғырлануы мен жаңа білімінің көтерілуінің негізінде ел дамудың жаңа бір сатысына көтерілуі мүмкін. Осыған байланысты Үндістанның даму деңгейіндегі кері әсерлердің алдын алу үшін мынадай қарсы әрекеттерді жүзеге асыруға болады.

1. Касталық жүйеден бас тарту. Бұл ісшараны өткізу үшін зайырлы институттардың (Жоғарғы білім беру орындары, мектептер, ғылыми орталықтар, мәдени мекемелер, спорттық ұйымдар) жұмысын ұйымдастыруды сапалы жолға түсуін қамтамасыз ету. Бұл шаралар елдегі әлеуметтік қақтығыстардың алдын алатыны белгілі. Екінші мәселе қалаға шоғырлану процесін тездетіп, ауылдық жердегі кедейлердің санын азайтуға ұмтылу.

2. Ішкі инновациялық нарықты құру. Бұл үшін елдің экономикалық және әлеуметтік-саяси жүйесінің либералды дамуын тереңдетіп, білім беру сапасын көтеру. Осы шаралардың жиынтығы Үндістанның экономикасының әлеуметін көтеру үлкен үлес қосары анық (Sharma, 2009).

### Қорытынды

Үндістанды экономикалық және әлеуметтік-саяси дағдарысқа алып келетін жаңа-

шаландырудың ісіне қауып төндіретін салмақты қатерлер де жоқ емес екенін ескертіп айтуымыз керек.

Сондықтан, Үндістанның саяси элитасының таңдап алған жолы елдің болашаққа қарай қазіргі курсты сақтаумен бірге демократиялық институттардың дамуын нығайтып инновациялық жаңашаландыру жолын таңдап алуы, жаңа Үндістанның қоғамы мен саяси элитасының өмірлік құндылық, кәсіптік, жауапкершілік деңгейінің жетілуінің бірден бір дәлелі болады.

### Әдебиеттер

- 1 Делёз, Ж. Логика смысла. – М., 1998.
- 2 Дюмон, Л. Homo Hierarchicus. – М., 2001.
- 3 Пивоваров, Ю. Мировая урбанизация и Россия на пороге XXI века. Общественные науки и современность. – 3. – С. 14.
- 4 Тилли, Ч. Демократия. – М., 2007.
- 5 Шмиттер, Ф. (1999). Процесс демократического транзита и консолидации демократии // Полис. – 3. – 30-33.
- 6 Arun, M. Remaking India. One country, one destiny. – London, 2004.
- 7 Bachrach, P., Baratz, M. (1962). Two Faces of Power. American Political Science Review, 4, 956.
- 8 Gerschenkron, A. Economic Backwardness in Historical Perspective. – Cambridge: Harvard University Press, 1962.
- 9 Gupta, J. (1990). India: Democratic Becoming and Combined Development. Politics in Developing Countries: Comparing Experiences with Democracy, 220.
- 10 Henderson, K., Robinson, N. (1997). Post-Communist Politics. An Introduction. Prentice Hall Europe.
- 11 Kumar, S., Managi, S. (2007). The economics of sustainable development.
- 12 Langer, S. Philosophy in a New Key.
- 13 Linz, J., Stepan, A. (1996). Problems of democratic transition and consolidation Baltimore. Hopkins University Press.
- 14 McMillan, A. (2008). Deviant Democratization in India. Democratization, 15.4, 738.
- 15 Sengupta, J., Neogi, C. (2008). India's new economy. Industry efficiency and growth.
- 16 Sharma, D.S. (2009). China and India in the age of globalization. Cambridge University Press.
- 17 Thakur, R. The Government and Politics of India. – London: MacMillan Press, 1995.

### References

- 1 Delez, Zh. (1998). Logika smysla. Moskva.
- 2 Djumon, L. (2001). Homo Hierarchicus. Moskva.
- 3 Pivovarov, Ju. (1996). Mirovaja urbanizacija i Rossija na poroge XXI veka. Obshestvennye nauki, 3, 14.
- 4 Tilli, Ch. (2007). Demokratija. Moskva.
- 5 Shmitter, F. (1999). Process demokraticeskogo tranzita i konsolidacii demokratii. Polis, 3, 30-33.
- 6 Arun, M. (2004). Remaking India. One country, one destiny. London.
- 7 Bachrach, P., Baratz, M. (1962). Two Faces of Power. American Political Science Review, 4, 956.
- 8 Gerschenkron, A. (1962). Economic Backwardness in Historical Perspective. Cambridge: Harvard University Press.
- 9 Gupta, J. (1990). India: Democratic Becoming and Combined Development. Politics in Developing Countries: Comparing Experiences with Democracy, 220.
- 10 Henderson, K., Robinson, N. (1997). Post-Communist Politics. An Introduction. Prentice Hall Europe.
- 11 Kumar, S., Managi, S. (2007). The economics of sustainable development.
- 12 Langer, S. Philosophy in a New Key.
- 13 Linz, J., Stepan, A. (1996). Problems of democratic transition and consolidation Baltimore. Hopkins University Press.
- 14 McMillan, A. (2008). Deviant Democratization in India. Democratization, 15.4, 738.
- 15 Sengupta, J., Neogi, C. (2008). India's new economy. Industry efficiency and growth.
- 16 Sharma, D.S. (2009). China and India in the age of globalization. Cambridge University Press.
- 17 Thakur, R. (1995). The Government and Politics of India. London: MacMillan Press.